

УДК 378
ББК 74.58
S81

Редакционная коллегия

Шакирова С.М. - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке

Сапаргалиев Д.Б. – PhD, зам. директора Управления по науке

Никифорова Н.В. - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatius v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

i – START. Предпринимательство: энергия молодых.

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

ISBN: 978-601-7021-36-8

УДК 378
ББК 74.58
S81

ISBN: 978-601-7021-36-8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК ҚАРЖЫЛЫҚ АСПЕКТЛАРЫ

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік кәсіпкерлік қаржылық аспект ретінде қарастырылады.

Summary

This article considers a social business as financial aspect in the Republic of Kazakhstan.

Әлеуметтік кәсіпкерлік шеңберіндегі ең үздік теоретиктердің бірі Д. Г. Діз (J. Gregory Dees) болып табылады. Ол өзінің *Enterprising Non Profits* (1998) аналитикалық еңбегінің бір бөлігі болып табылатын *The Meaning of "Social Entrepreneurship"* (2001) мақаласында [1], ғалым әлеуметтік кәсіпкерліктің қазіргі әлемдегі орнын анықтайды және әлеуметтік кәсіпкерлерді осы шеңбердегі өзгерістердің генераторы ретінде бейнелейді. Бизнес – кәсіпкерлікті дамыту үшін әлеуметтік кәсіпкерлер маркетингтік технологиялардың тиімді және инновациялық қолдануды талап етеді. Олар әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізу үшін қаржы ресурстары, волонтерлық немесе мемлекеттік қолдау бағдарламасы және тағы басқа ресурстарды тарту және пайдалану қажет.

Қазақстан Республикасында «әлеуметтік кәсіпкерлік» - салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып табылады. Посткеңестік елдер әлеуметтік мәселелерді, бюджеттен тікелей қаражат бөлу арқылы шешуге үйреніп қалған, бірақ өкінішке орай қазіргі таңда бұл тиімсіз болып табылады. Дамыған елдердің тәжірибесі, әлеуметтік мәселелер басқаша шешілуі мүмкін екенін дәлелдейді. Тар мағынада «Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл жергілікті мәселелерді шешу бойынша бизнес». Әлеуметтік жағдайлар дағдарыс кезінде өзінің әлсіз жақтарын сезініп отыр. Олардың шешімі бүкіл қоғам үшін басты мәселе болып табылады.[2] Бүгінгі таңда Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік қалыптасу кезеңінде. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін әлеуметтік кәсіпорын қозғалысын құру және оның жұмысын ары қарай дамыту керек. Қазіргі уақытта әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына түрлі тренинг және семинарлар көмегі тиеді деп ойламаймын. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін жстар арасында түрлі конкурстар өткізу, осы шеңбер бойынша әлеуметтік бизнес құру керек. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өз қолымен жасаған жасақтары сатылатын дүкендерК примеру, социальные магазины, в которых продавались бы подделки людей с ограниченными возможностями, өнер шеберханалары және т.б. Біз мемлекеттік емес ұйымдармен серіктес болып, түрлі әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруымыз керек. Жаңа жобаларды көптеген адамдар көріп – білгенде, инвесторлар үшін өз қаржыларын дұрыс сарыптаудың бір жолы болады деген ойдамын.

Мен елдерді бірқатар шабыттандыратын әлеуметтік мысал келтіргім келеді. Әйгілі Adidas компаниясы кейде адамдар үшін екі долларға аяқ киім істеп шығарады. Қымбат және арзан аяқ киімдер сапасы бірдей. Тағы да француздық Danone компаниясы, біздің елімізде өз филиалын ашты және Нобель лауреат Мухаммад Юнустың өтініші бойынша Бангладеш қаласында халыққа әлеуметтік көмек ретінде арзан бағада йогурттар дайындай бастады.. Әйткені ел халқының тең жартысы пайдалы азық-түлікке зәру болған. Danone одан пайда таппайды, компания шығынды өзі жабуда, есесіне жаңа ұрпақ қажетті азық-түлікті алып отыр Бұл жобаның басты мақсаты жаңа ұрпақтардың қажетті дәрумендерге қол жеткізуі мүмкіндігін тудыру болып табылады. Бізде адамдардың әлеуметтік жағдайында айырмашылық бар. Көп ақша таппайтын – олар зейнеткерлер, студенттер, тұрмысы нашар топтар. Бірақ мемлекет арендалық тұрғын үй, түрлі жәрдемақылар, тегін білім беру, сертификаттар түрінде әлеуметтік пакет жасап отыр. Меніңше, ірі компанияларға әлеуметтік жобаларға емес, нақ қайырымдылыққа ден қою қажет. Яғни ақша, материалдық көмек беру, киім-кешек, құрал-жабдықтар сатып алу [3].

Қазақстанда мемлекеттік қолдау жайлы айта кететін болсақ, ол 2 типке бөлінеді: заңнамалық, құқықтық және қаржылық. Бизнес үшін қолайлы жағдай жаратқан кезде ғана, ол ары қарай дами бастайды. Әкімшілік тосқауылдардың деңгейі төмендейді. Қолдаудың екінші типі – бұл қаржылық немесе қаржылық емес қолдау болып табылады. Қаржылық – бұл үкіметтің сізді субсидия, несие беру және т.б. жолдармен қолдау көрсету. Ал қаржылық емес қолдау – бұл мемлекеттік қаржы ресурстарының есебіне тегін оқыту, құқықтық қолдау көрсету, қандай да бір маркетингтік жоба құру, сіз үшін web-парақшасын жасау т.б.

Бүгінгі күндік КҰП (Кәсіпкерлердің Ұлттық Палатасы) агроөндіріс шеңберінде Жол картасын дайындауда белсенді. Сондай жол карталар сауда салаларында да пайда бола бастады. Бұл үлкен бір жүйе. Ол біздің қай жаққа қарай қозғалу керек екенімізді түсіну үшін керек. Жағдай әр кез өзгеруде. Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерліктің субъекттерінің саны күнен күнге өсуде. Қазіргі таңда елімізде көптеген әлеуметтік жобалар жүзеге асырылып келе жатыр. Мысалы, Сани Аружан - «Ерікті Қайырымдылық Қоғамы» қоғамдық қорының директоры, «Қазақстан - жетімсіз ел» атты жобасын іске асырды. Жобаның басты мақсаты: Ата – аналарының

қарауынсыз қалған балдардың отбасында тәрбиелену құқығын ілгерілету болып табылады [4].

Қазақстанда кәсікерлерге қолдау көрсететін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» құрылды. Қазірде бұл қор көптеген әлеуметтік жобалардың демеушісі болып табылады. Кәсіпкерлер үшін Екінші деңгейдегі банктер 14 пайызбен несие берсе, «Даму» қоры соның 50 пайызын жабады. Бұл дегені - кәсіпкерлерге көрсетіліп жатқан көмек. Әлемде ешқандай елде жоқ. Тағы бір айта кетерлігі, кәсіпкерлер қолдауымен жүзеге асырылған жобалар мен олардың өнімдері импорттық тауарларға бәсекелестік тудыра отырып, ішкі нарықта өз орындарын иемденеді. [5].

ҰКПның қолдауымен қазірде елімізде «Өмір сызығы», «Линия жизни» атты проект жүзеге асырылуда. Оның мақсаты қарттарға және мүмкіндіктері шектелген адамдарға көмек көрсету болып табылады.

Осылайша өзекті мәселелері бірқатар шешуге әлеуметтік кәсіпкерлік, салауатты қоғам, оның үйлесімді дамуын, экономикалық тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

Бүгінде үкімет бірқатар елдердің және экономиканың және қаржы нарықтарындағы тұрақсыздық кезеңінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауы кездейсоқ емес: Мемлекеттің әлеуметтік проблемаларды шешуге, кәсіпорындарды ынталандыруға тікелей қаржылық мүддесі бар. Сонымен қатар, әлеуметтік кәсіпкерлер қызметі әлеуметтік орта бизнес көшбасшылары, жаңа ойлау, ғылыми және кәсіпкерлік бастамасы дамыту, шығармашылық орта - класс, қазіргі заманғы технологиялар мен нарықтарда одан да маңызды болып табылады. Әлеуметтік кәсіпкерліктің дұрыс жұмыс істеуіне байланысты әлеуметтік мәселелерді шешудің ерекше және пайдалы жолдары табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жан-Батист Сэй (Jean-Baptiste Say), цитата из публикации Дж. Грегори Деса (J. Gregory Dees) «Значение социального предпринимательства» (The Meaning of 'Social Entrepreneurship) в ред. 30 мая 2001: http://www.fuqua.duke.edu/centers/case/documents/Dees_SEdef.pdf
2. Борнштейн Д. Как изменить мир: Социальное предпринимательство и сила новых идей. М.: Альпина паблишер, 2012. 499 с.
3. Юнус М. Создавая мир без бедности: Социальный бизнес и будущее капитализма. М.: Альпина Паблишерз, 2010. 312 с.
4. <http://www.gfss.kz/kz/press/659/>
5. <http://www.damu.kz/>
6. Онлайн-конференция с участием Заместителя председателя правления национальной палаты предпринимателей РК Курбанбаевой Гульнар Туретаевны на тему: «Социальное предпринимательство в Казахстане». 3 февраля 2015 г. <http://m.bnews.kz/ru/conferences/443>
7. Борнштейн Д. Как изменить мир: Социальное предпринимательство и сила новых идей. М.: Альпина паблишер, 2012. 499 с.
8. Кто такие социальные предприниматели и зачем они нужны Казахстану? <http://palata.kz/ru/blog/kto-takie-socialnye-predprinimateli-i-zachem-oni-nuzhny-kazahstanu>